

Шыңғырлау ауданында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қарашадағы № 29-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 желтоқсанда № 7461-07 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Шыңғырлау аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау ауданында 2025 жылы бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Мәслихат төрағасы

С. Турғалиев